

**Созақ ауданының білім  
бөлімінің  
"С.Сейфуллин атындағы жалпы  
білім беретін мектеп"  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім  
беру қызметін өзін-өзі бағалауы**

**2023-2024 оқу жылы**

## Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды

### «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жуантөбе ауылы

«07» 06.2024 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалаудың өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып Созақ ауданының білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 9 қарашадағы «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестатауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» №818 бұйрығының тізбесіне сәйкес 27 мамыр мен 07 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды білім беру ұйымы басшысының 2024 жылғы «21» мамыр №58 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

1. Б.Ғ.Сейтқазиева - С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры, комиссия төрайымы
2. Ш.Ж.Әбілда – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. М.Б.Белхожаева - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. А.Д.Бейсембиев - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. А.М.Ерубасев- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
7. Г.Алтаева – мектеп психологы, комиссия мүшесі
8. Қ.Белхожаев- мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
9. Д.Әділова – комиссия мүшесі ,хатшы

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізудің негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша өзін өзі бағалау құрылымының әдістемелік ұстанымын басшылыққа ала отырып білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

### **С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің жалпы сипаттамасы**

<b>Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы</b>	
Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің "С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная школа имени С.Сейфуллина" отдела образования Сузакского района управления образования Туркестанской области
<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер</b>	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
Қаласы/ауылы	Созақ ауданы , Жуантөбе ауылы
Көшенің атауы	Б.Достайұлы 35
Пошта мекен-жайы индексі	161004
<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</b>	
Телефон	8-725-46-2-37-12
Электрондық пошта	s.seifullin-2010@bk.ru
web-сайт	seifullina-sozak.edu.kz
<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері</b>	
Бірінші басшының аты-жөні	Сейқазиева Бақтыгүл Ғаниқызы
Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі	26.01.2024ж. Түркістан облысы

	«Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» ММ-сі басшысының №15 бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	+7 771 648 13 08 +7 702 850 08 18
Бірінші басшының электрондық поштасы	<u>Seitkazieva1971 @bk .ru</u>
<b>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар, рұқсат етуші құжаттар</b>	
Жарғы	Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген 09.09.2023 ж. №1557-1959-КММ қайта тіркеу

### **Кадрлық құрамға талдау**

Білім беру ұйымдарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес 70 педагог педагогикалық қызметін жүзеге асырады. Оның мектепалды даярлық сыныптарында сабақты жоғары педагогикалық білімі бар 2, арнаулы орта білімі бар 1 педагог жүргізеді.

Педагог психолог – 2, логопед  
-1, қосымша білім беру педагогы – 3.

Жалпы білім беретін мектепте **70** педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 67 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар. Қазіргі таңда педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылға дейін - 7 педагог, 3-5 жылдан бастап - 14 педагог, 6-10 жылдан бастап – 15 адам, 11-15жылдар – 13, 16-20 жылдар – 10, 20 – дан жоғары 13 педагог

Бастауыш мектепте **13** педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 1 педагог-зерттеуші, 6 педагог – сарапшы, 3 педагог – модератор.

Бастауыш мектептегі жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің үлесі- 37 %-ды құрады (білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаның 4.1 – тармағы " жақсы" бағасына сәйкес келеді).

Негізгі және жоғары сыныптарда – **57** педагог, оның ішінде 9 - педагог-зерттеуші, 16 педагог- сарапшы, 22 педагог модератор , 3-магистр сабақ жүргізеді.



**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Мектепалды даярлық сыныптары			
	Апталық жүктемесінің ең жоғары көлемі	оқу	Инвариантты жүктемесі	оқу Вариативті жүктемесі
МАД /3	20/60		20/60	
Барлығы 3 сынып	20/60		20/60	

Сыныптар/ сынып- жиынтықтар	Бастауыш сыныптары				
	Апталық жүктемесінің ең жоғары көлемі	оқу	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті жүктемесі	оқу Түзету компоненті
1/2	19,5/39		18,5/37	1/2	
2/2	24/48		23/46	1/2	
3/3	26/78		25/75	1/3	
4/3	26/78		25/75	1/3	
Барлығы 10 сынып жиынтығы	95,5/243		91,5/233	4/10	



--	--


**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
5/3	28,5/85.5	28/84	0,5/1.5
6/3	28,5/85.5	28/84	0,5/1.5
7/2	31,5/63	31/62	0,5/1
8/3	32,5/97.5	32/96	0,5/1,5
9/2	34/68	33/66	1/2
Барлығы 13	155/399.5	152/392	3/7.5

**2023-2024 оқу жылында оқыту орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
5/1	29,5/29,5	29/29	0,5/0,5
6/1	29,5/29,5	29/29	0,5/0,5
8/1	33,5/33,5	33/33	0,5/0,5
Барлығы 3	92,5/92,5	91/91	1,5/1,5

**2023-2024 оқу жылында:**

**Мектепалды даярлық сыныптарында қазақ тілді 3- сынып жиынтығы, (0а,0ә,0б) апталық оқу жүктемесі -20 сағат,оның ішінде «Физикалық дағды» - 306 сағатты (аптасына -3сағаттан), «Коммуникативтік дағды»- 918 сағатты (аптасына -9сағаттан), «Танымдық және зияткерлік» дағды -306 сағатты (аптасына -3сағаттан), «Шығармашылық дағды» -306сағатты (аптасына - 1сағаттан), «Әлеуметтік эмоционалды дағды» -204 сағатты (аптасына - 2сағаттан), барлығы 2040 сағат (аптасына -20сағаттан),**

**Бастауыш сыныптар бойынша барлығы 10 сынып комплектісі бар.**

**1-сыныпта – 2 сынып жиынтығы,**

**2-сыныпта – 2 сынып жиынтығы,**

**3-сыныпта - 3-сынып жиынтығы,**

**4-сыныпта – 3 сынып жиынтығы,**

**1-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ (1а,1ә,)-19,5 сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-18,5сағат,вариативтіік оқу жүктемесі-1сағат**

«Тіл және әдебиет» бойынша-990 сағатты(аптасына -6сағаттан), «Математика және информатика» -742,5 сағатты(аптасына -4,5сағаттан), «Жаратылыстану»-сағатты-165 (аптасына -1сағаттан), «Адам және қоғам»-165сағатты(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-495 сағатты (аптасына -3сағаттан),

«Дене шынықтыру» -495 сағатты (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-3052,5сағат, «Көркем жазу» вариативті оқу жүктемесінен -165 сағат.Барлығы-3217сағат

**2-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ (2а,2ә)-24сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-23 сағат, вариативтік оқу жүктемесі-1сағат**

«Тіл және әдебиет» бойынша-1496 сағатты (аптасына -11сағаттан), «Математика және информатика» -680 сағатты аптасына -5сағаттан), «Жаратылыстану»-136сағатты аптасына -1сағаттан), «Адам және қоғам»-136 сағатты (аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-272 сағатты аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» -544 сағатты (аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-3128 сағат, «Қызықты грамматика» вариативті оқу жүктемесі-136 сағат.Барлығы-3264 сағат

**3-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ (3а,3ә,3б)-26сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-25сағат,вариативтік оқу жүктемесі-1сағат**

«Тіл және әдебиет» бойынша-1496сағатты (аптасына -11сағаттан), «Математика және информатика» -816 сағатты(аптасына -6сағаттан), «Жаратылыстану»-272 сағатты (аптасына -2 сағаттан), «Адам және қоғам»-136 сағатты (аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-272 сағатты(аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» -408 сағатты(аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-3400сағат, «Қоршаған орта» вариативті оқу жүктемесі-136 сағат. -Барлығы-3536 сағат,

**4-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/**



(4а,4ә,4б)-26сағат,оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі-25сағат,вариативтіік оқу жүктемесі-1сағат

«Тіл және әдебиет» бойынша-2040сағатты(аптасына -11сағаттан),  
«Математика және информатика» -1020 сағатты(аптасына -6сағаттан),  
«Жаратылыстану»-340сағатты(аптасына -2сағаттан), «Адам және қоғам»-170сағатты(аптасына -1сағаттан),

«Технология және өнер»-340сағатты(аптасына -2сағаттан),

«Дене шынықтыру» -510сағатты(аптасына -3сағаттан),

Инвариативті оқу жүктемесі-4250сағат, «Қызықты математика» вариативті оқу жүктемесі-170 сағат. -Барлығы-4420 сағат

**5 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/ апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, » Жаратылыстану » - 2, «Адам және қоғам » - 3 сағат, «Технология және өнер » - 3, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативті компонент -0,5 сағат.**

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 204 сағат, «Жаратылыстану» - 68 сағат, «Адам және қоғам» - 102 сағат, «Технология және өнер» - 102 сағат, «Дене шынықтыру» - 102 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 952 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 17 сағат. Барлығы – 969 сағат.

**6 сыныптарда жұмыс оқу бағдарламасы /оқыту қазақ тілінде/ бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 28 сағатты құрады: «Тіл және**

әдебиет»-11 сағат, «Математика және информатика»-6 сағат, «Жаратылыстану» - 2, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 3, «Дене шынықтыру» - 3 сағат. Вариативтік компонент 0,5сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 204 сағат, «Жаратылыстану» - 68 сағат, «Адам және қоғам» - 102 сағат, «Технология және өнер» - 102 сағат, «Дене шынықтыру» - 102 сағат. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 952 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 17 сағат. Барлығы – 969 сағат.

**7 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** максималды көлемі 31,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 7, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 204 сағат, «Жаратылыстану» - 238 сағат, «Адам және қоғам» - 102 сағат, «Технология және өнер» - 34, Дене шынықтыру - 102. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1054 сағатты құрады. Вариативті компонент оның ішінде – 17 сағат. Барлығы – 1071 сағат.

**8 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/** максималды көлемі 32,5 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, «Адам және қоғам» - 3 сағат, «Технология және өнер» - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті компонент – 0,5 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика және информатика» - 204 сағат, «Жаратылыстану» - 272 сағат, «Адам және қоғам» - 102 сағат, «Технология және өнер» - 34, Дене шынықтыру - 102.

Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1088 сағатты құрады  
 Вариативті компонент оның ішінде – 17 сағат. Барлығы –1105 сағат.

**9 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасының /оқыту қазақ тілінде/**  
 максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу  
 жүктемесі 33 сағатты құрады: «Тіл және әдебиет» - 11 сағат, «Математика  
 және информатика» - 6 сағат, «Жаратылыстану» - 8, « Адам және қоғам » - 4  
 сағат,« Технология және өнер » - 1, Дене шынықтыру - 3 сағат. Вариативті  
 компонент – 1 сағат.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының инвариантты компонентінің  
 жылдық оқу жүктемесі 374 сағат көлемінде, «Математика және  
 информатика» - 204 сағат, «Жаратылыстану» - 272 сағат, «Адам және қоғам»  
 - 136 сағат, «Технология және өнер» - 34, Дене шынықтыру - 102.

Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі 1122 сағатты құрады  
 Вариативті компонент оның ішінде – 34 сағат. Барлығы –1156 сағат.

**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін  
 жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жалпы орта білім  
 берудің апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
10/2	35/70	32/64	3/6
11/2	35/70	32/64	3/6
Барлығы 4	70/140	64/128	6/12

**2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін  
 қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің  
 апталық оқу жүктемесінің көлемі**

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі


10/1	34/34	31/31	3/3
11/1	34/34	31/31	3/3
Барлығы 2	68/68	62/62	6/6

Жалпы орта білім беру сыныптарында барлығы 6 сынып жиынтығы бар, оның ішінде қазақ тілді 10 сыныпта – 3 сынып жиынтығы; қазақ тілді 11 сыныпта - 3 сынып жиынтығы бар.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 -сыныптардың 2-і жаратылыстану - математика бағытында , 1-і қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім алуда. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11-сыныптардың 2-і жаратылыстану - математика, 1 , 1-і қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім алуда.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта** оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: қазақ тілі-2 сағат, қазақ әдебиеті-3 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-3 сағат, геометрия-1 сағат, информатика-1 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -1 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-2 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -68 сағат, қазақ әдебиеті-102 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-102 сағат, геометрия-34 сағат, информатика-34 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -34 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-68 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1054 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1156 сағат.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта** оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 34 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 31 сағатты құрады: қазақ тілі-2 сағат, қазақ әдебиеті-3 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-3 сағат, геометрия-1 сағат, информатика-1 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -1 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-2 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -68 сағат, қазақ әдебиеті-102 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-102 сағат, геометрия-34 сағат, информатика-34 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -34 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-68 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық

дайындық-34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1054 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1156 сағат

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 жаратылыстану- математика** бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: қазақ тілі-1 сағат, қазақ әдебиеті-2 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-4 сағат, геометрия-2 сағат, информатика-2 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -2 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-1 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -34 сағат, қазақ әдебиеті-68 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-136 сағат, геометрия-68 сағат, информатика-68 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -68 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-34 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1088 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1190 сағат

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 жаратылыстану- математика** бағыттағы сыныпта оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрады, оның ішінде инвариантты оқу жүктемесі 32 сағатты құрады: қазақ тілі-1 сағат, қазақ әдебиеті-2 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-2 сағат, шетел тілі-3 сағат, алгебра және анализ бастамалары-4 сағат, геометрия-2 сағат, информатика-2 сағат, физика-2 сағат, химия-2 сағат, биология-2 сағат, география -2 сағат, Қазақстан тарихы-2 сағат, дүниежүзі тарихы-1 сағат, құқық негіздері-1 сағат, дене шынықтыру-3 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат. Вариативтік компонент-3 сағат.

Қазақ тілі пәнінен жылдық оқу жүктемесі -34 сағат, қазақ әдебиеті-68 сағат, орыс тілі мен әдебиеті-68 сағат, шетел тілі-102 сағат, алгебра және анализ бастамалары-136 сағат, геометрия-68 сағат, информатика-68 сағат, физика-68 сағат, химия-68 сағат, биология-68 сағат, география -68 сағат, Қазақстан тарихы-68 сағат, дүниежүзі тарихы-34 сағат, құқық негіздері-34 сағат, дене шынықтыру-102 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 34 сағат. Инварианттық компоненттің жылдық жүктемесі-1156 сағат. Вариативтік компонент-102 сағат. Жалпы жүктеме: 1190 сағат

Мектептің **2023-2024 оқу жылына** арналған оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде құрылған.

Оқыту « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жоспары бастауыш, негізгі, орта мектептің оқыту міндетіне сәйкес қажетті мазмұны мен көлемін сақтайды. Оқу процесін ұйымдастыру «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік- нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін "Әліппе", "Ана тілі" пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта;

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан бастауыш сыныптарда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;
- 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан басқа)

4) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан негізгі білім беру курсы бойынша:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша;

2) шетел тілі бойынша;

3) көркем еңбек

4) информатика пәні бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Мектебіміздің сыныптарында білім алушылар саны 20 және одан да артық болғандықтан , оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша екі топқа бөліп оқыту іске асырылып жатыр.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғандықтан жалпы орта білім беру білім беру курсы бойынша:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша;

2) шетел тілі бойынша;

3) информатика пәні бойынша сыныпты екі топқа бөліп жүзеге асырылады.

Мектебіміздің сыныптарында білім алушылар саны 20 және одан да артық болғандықтан, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша екі топқа бөліп оқыту іске асырылып жатыр.

**Негізгі орта білім берудің** мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы; шетел тілдері, көркем еңбек; информатика екіге бөлініп оқытылып жатыр.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 24 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді: қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда; шет тілі; информатика.

Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлу қарастырылғандықтан топқа бөлініп оқытылып жатыр.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіліп жатыр. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылып жатыр. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылғандықтан оқу процесі кезінде жүргізіліп жатыр. «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырып жатыр. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылғандықтан оқу процесі кезінде жүргізіліп отыр.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 2 тарауы 8 бабының 5 тармақшасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 5 тармақ 58 тармақшасына және «психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшелеген және жеке мүмкіндігін ескере отырып білім алушыларды үйде оқытудың қызметі ұйымдастырылады:

2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі бастауыш сыныптар бойынша 1 оқушыға, үйден оқыту ұйымдастырылды: Ол 3«Ә» сыныбында Батыр Айзере Нұрболқызы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 53- қосымшасын басшылыққа алынып, сабақ кестесі жасалынып, білім берілді.

2023-2024 оқу жылында С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру бойынша 2 оқушыға үйден оқыту ұйымдастырылды: 5 «Б» сыныбында Зәйнідін Балнұр, 6 «Б» сыныбында Ақберген Жайна.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 55-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55-қосымшасын басшылыққа алып Зәйнідін Балнұр мен Ақберген Жайнаға сабақ кестесі жасалынып, білім беріліп жатыр.

Үйде жеке оқыту үйде жеке тегін оқытудың оқу жоспары бойынша мектеп директоры бекіткен және ата-аналармен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жоспарын құру кезінде мұғалімдер Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын басшылыққа алады және баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді. Жоспарды ӘБ жеткешісі, директордың ББО жөніндегі орынбасары, мектеп директоры бекітеді. Оқушылардың ВКК медициналық анықтамалары, ПМПК мекемесінің анықтамалары бар. Оқу жылының басы мен аяқталуы, жеке ақысыз білім алатын оқушылардың каникулының



ұзақтығы жалпы білім беретін білім беру ұйымдары үшін белгіленген мерзімдерге сәйкес келеді. Мектеп оқушыларды барлық қажетті оқулықтармен қамтамасыз етті. Әр балаға жеке электронды журнал белгіленіп, онда оқу сабақтарының күндері, сабақтар саны, сабақ мазмұны белгіленіп, бағалаулар қойылады, пән мұғалімдері оқушылардың бақылау күнделігін жүргізеді.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

**4.2 Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылын жалпы оқушы саны - 502/272, 1-4 сыныптарда 159/83 оқушы 10 сынып комплектісінде қамтылған, 5-9 сыныптарда 246/140, 10-11 сыныптарда 96/49 оқушы бар. 5-11 сынып аралығында 19 сынып комплектісі бар. Сонымен қатар мектепалды даярлық тобында 3 сынып 48 бүлдіршін қамтылған. Жалпы мектеп бойынша 29 сынып комплекті бар.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде тәрбиенің жылдық жоспары оқу жылының басында жасалынды. «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша төмендегі іс- шаралар атқарылды**

Мектеп кітапханасының жанынан кітапхана меңгерушісі М.Құлыншақова ұйымдастыруымен «Coworking» орталығында Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 толуы мерейтойына орай "Балалар әдебиетінің бәйтерегі" атты тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатына 5 (а,ә,б) сыныптарының оқушылары қатысты.

Мақсаты – кітапхана оқырмандарын, әсіресе жастарды кітап оқуға көбірек тарту. Сонымен қатар, Coworking орталығында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай тәрбие сағаты және М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай "Заманның заңғар тұлғасы" атты ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сағатына 6 (а,ә,б) сынып оқушылары қатысты.

Желтоқсан айында ауылымыздан шыққан желтоқсан оқиғасының куәгері Б. Тұрғанбаева апаймен "Желтоқсан жаңғырығы" атты кездесу кеші ұйымдастырылды.

С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде 01 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім – мерейлі мекенім» атты салтанатты жиын іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара барысында алғашқы сөз кезегі мектеп директоры Сейтқазиева Бақтыгүл Ғаниқызына берілді. Сондай-ақ, мерекелік кешіміздің қонақтары ауыл әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Жанұзақов Сатыбалды Қуандықұлы, ата-аналар комитетінің төрағасы Сәрсенов Алтай кісілерімізге құттықтау сөз беріліп, ізгі тілектерін білдірді.



Қазақ тілі арқылы қазақстандық бірегейлікті нығайту, өскелең ұрпақтың санасында қазақ тіліне деген құрмет пен қызығушылықты арттыру мақсатында мектебімізде «Менің таңдауым-қазақ тілі!» челленджі түсірілді.

Ана тілін дамыту үшін әркім өз ана тілінде таза сөйлеуі тиіс. Себебі, жүйелі тіл жүйелі ойды құрайды. Тіл- қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлім- тәрбиесінің негізі.

<https://www.facebook.com/100024301306226/posts/pfbid0ByhSVa2r1FiwConZT52Bc9zE7D3Wr1KoCVVeMnmdxSkdRZPRSuEdB2C2dY5HnjA3l/?mibextid=cr9u03>

«Созақ ауданы білім бөлімінің С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 8 қыркүйек күні «Сергіту сәті» челленджи өткізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау, шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін дамыту. Спорттық іс-шараға 1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушылары қамтылды.



“С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Республика күні мерекесіне “Төрт тоқсан төрт өнер” ұлттық мәдени ағартушылық жобасын жалғастыру мақсатында жас импровизатор-ақындардың “Ақындар айтысы” ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/100024301306226/posts/pfbid0BM1wnzunwQ2ujJW1MFQG9BnSQTkNBrKA2pujBhxkaoyPWv9CC7jeG5vYp23ibmVQl/?mibextid=cr9u03>



"С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ., 2023-2024 оқу жылы, "Еңбек күні" мерекесі қарсаңында ЕҢБЕК АДАМЫ айдарымен Жуантөбе ауылының дамуына үлес қосып, еңбек атқарған зейнеткер, ардагер қария Шаймерденов Өтенбай атамен сыр сұхбат, өнегелі тәлім тәрбиелік кездесуі ерекше назарда аталып өтті.

<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=1494270024726360&set=a.800731384080231&type=3&mibextid=cr9u03>



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 5 қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай Мектеп парламенті көшбасшыларының қатысуымен Дублер күні ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/100024301306226/posts/pfbid02xoEqHDCTG74ZXR4nzStC7Ne6k89g6UBJaoaoCqTFqyyUuosMMe69HF7fgxaFEAr4l/?mibextid=cr9u03>





«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 5 қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем» тақырыбына мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараға қонақ ретін ардагер ұстаздар мен мектеп мұғалімдері қатысты. Мектеп белсенділері ән айтып, би билеп, ұстаздарға қызықты сұрақтар қойып, мерекемен құттықтады.



**«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы  
Мектеп Президенті сайлауын өткізу**

**Хаттамасы**

**Жуантөбе ауылы**

**«21» қазан 2023 жыл**

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының атқаратын жұмыс тәртібімен таныстыру;
2. Мектеп Президентін сайлау;
3. «Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелерін сайлау.

**1.1.Тыңдалды:**

Мектепте оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты нығайту барысында оқушылар арасында белсенді жасөспірімдерден мектеп Президентін сайлау болып өтті. Мектеп Президенттігіне үміткер ретінде 11 сынып оқушылары Серік Нұрахмет, Ынтымақ Нұрасыл, Пәрінтай Бақытжан таңдалып алынып, өз ұсынымдарымен таныстырылды. Дауыс беруге мектептің 7-11 сынып аралығындағы оқушылар қатысты. Дауыс беру нәтижесінде 70 % дауыс жинаған 11 сынып оқушысы Серік Нұрахмет мектеп Президенті болып тағайындалды. Сондай-ақ мектеп комитеті мүшелері тағайындалып, қызметтерімен таныстырылды.

Алдағы уақытта мектептің ішкі оқу-тәрбие жүйелерінде оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда осы аталған оқушылар жақсы жағына дәнекер болатынына сенім білдірілді.

Жиналыс төрағасы:  
Тәлімгер:  
Хатшы:  
Мектеп Президенті:

А.Бейсембиев  
А.Маратқызы  
П.Нұрхалықова  
Н.Серік



Республика күні – еліміздің әрбір азаматының кеудесі қуанышқа толы болатын, мерекелік көңіл-күй сыйлайтын айтулы күн. Осы мереке қарсаңында мектебімізде:

-оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу;

- елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу мақсатында 23 қазан күні мектепбімізде “Қазақ елі менің - Отаным” атты мерекелік іс-шара өткізілді.





«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Бір тұтас тәрбие бағдарламасының негізінде" мектеп оқушыларының күзгі демалыс күндерін тиімді пайдалану мақсатында "Отбасылық дәстүрлер" тақырыбында "педагог-бала-ата-ана" үштік одағы бірігіп отбасылық дәстүрлер туралы әңгіме жүргізілді.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Алтын күз - 2023» сайысына қатысқан оқушылар арасынан күз ханшайымын және күз ханшасын анықтау; оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау; күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру; ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүйуге тәрбиелеу мақсатында «Алтын күз - 2023» атты мерекелік іс-шара өткізілді.



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Coworking орталығында еліміздің азаттығы жолында жанын қатерге тіккен Алаш қайраткерлерінің бірі Мағжан (Әбілмағжан) Жұмабаевтың туғанына биыл 130 жыл толып отыр. Осы мерейтой аясында мектебіміздің 6 "а" сыныбы жетекшісі Г.Ырсимова мен кітапхана меңгерушісі М.Құлыншақова және тәлімгер А.Маратқызының ұйымдастыруымен "Заманның заңғар тұлғасы" атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Кештің мақсаты: оқушыларды қазақ халқының ұлтжанды ақыны М Жұмабаевтың шығармаларымен таныстыру. Әдеби сазды кеште оқушылар "Түркістан", "Көкшетау", "Атақты ақын - сөзі алтын хакім Абайға", "Анама", "Қазақ тілі", "Мен жастарға сенемін" өлеңдері мен "Дайдидау", "Сен сұлу" атты әндерін мәнерлеп оқыды. Кітапханашы кітапхана қорындағы ақынның шығармаларымен таныстырды. Қазақ жаны бар кезде, қазақ әні бар кезде, қазақ тілі бар кезде, қазақ елі бар кезде Мағжандай азаматтар ұмытылмайды, ақынның асыл сөзі, асқақ рухы халқымен бірге мәңгі жасайды.

<https://www.facebook.com/share/v/VASDRer9WbKeb5gw/?mibextid=Zmo65R>



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ел егемендігінің 32 жылдығына және Желтоқсан оқиғасының 37 жылдығына орай мектебіміздің Coworking орталығында желтоқсан оқиғасының куәгері мектебіміздің ұстаздық қызмет жасап жүрген апайымыз Тұрғанбаева Бақтыкүл Жапабайқызымен және сол кезде оқу бітіріп енді ғана осы мектепке жұмысқа тұрып сол сұрқия заманның куәгері болған ардагер ұстазымыз Сейтқазиева Мадина Ғаниқызымен "Желтоқсан жаңғырығы" атты сыр сұқбатымыз болып өтті.

Тарихи-танымдық шараның негізгі мақсаты: желтоқсан құрбандарының ерлігін, жалынды жырларын оқушылардың көңіліне ұялату, патриоттық тәрбие беру, Тәуелсіздікті құрмет тұту.

Жиынға кеңестік империяның іргесін шайқалтқан қазақ жастарының толқуын көзімен көрген, нәзік жанды, қайсар мінезді қаһарман ұстаздарымыз Мадина апай мен Бақыткүл апай қатысып, оқушыларға естеліктерімен бөлісті.

Шара аясында дарынды оқушыларымыз әуелете ән орындап, жырдан тарту етті.

Тарихи-танымдық шара аясында етігімен су кешкен сол бір ауыр күндерді еске алу оңай болған жоқ.

Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты күш-қайрат керек болса, оны құлатпай ұстауға да соншалықты күш-жігер керек екенін бүгінгі жастар түйсігімен сезінгені сөзсіз.

Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болған қаһарман ұстаздарымызға алғысымыз шексіз!

<https://www.facebook.com/share/p/p2waPoSdBKiGwDHF/?mibextid=Zmo65R>



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау мақсатында “Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың” атты мектепшілік пікірсайыс өткізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0w9csGmK7nzBjPF51giHoXZkWjEgJqPsuagGYkYa28R7FyB69p6dBViHVWkd4ye2ol&id=100024301306226&mibextid=7i0OJ8](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0w9csGmK7nzBjPF51giHoXZkWjEgJqPsuagGYkYa28R7FyB69p6dBViHVWkd4ye2ol&id=100024301306226&mibextid=7i0OJ8)

Тәлімгер: А.Маратқызы



«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Құтты болсын ЖАҢА ЖЫЛ" атты мерекелік іс-шаралар өткізілді. Іс-шараның шымылдығын мектепалды даярлық топтары мен бастауыш сынып оқушылары ашты. Сондай-ақ жоғарғы сынып оқушылары арасында өткізілді. Әр сынып өздерінің дайындаған мерекелік өнерлерін көрсетіп, кешті көріктендіре түсті. Мақсаты: Сыни және креативті ойлау; білуге, жаңаны тануға құштар болу; физикалық белсенді болу; салауатты өмір салтын ұстану; дұрыс қарым-қатынас орната білу; уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.



**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**

**2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстары.** Қоғамдық негізде 13 үйірме, ақылы негізде 3 үйірме, барлығы 19 қосымша білім беру үйірмелері жұмыс атқарды. Күнтізбелік тақырыптық жоспар жасалынып бекітіліп, кестесі жасалынып уақыттары апта күндеріне қойылған. Ақылы негіздегі қосымша білім беру: «Домбыра» Алимқұлова Гүлмира, «Былғары доп» Жайлаубай Бауыржан, «Шұбар доп» Бақберген Қанат, «Алтын доп» Әбдірайхан Бақдәулет.

**Созақ ауданының білім бөлімінің С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің 2023-2024 оқу жылының білім алушылар мен педагогтардың жетістіктері:**

Аудандық «Алтын тұғыр» олимпиадасында 3-сынып оқушысы Сабыр Нұрзат облысқа жолдама иеленді. Жетекшісі – Г.Қуандықов.

Аудандық «Алтын сақа» байқауында 3-сынып оқушысы Мейрамбекқызы Еркеназ иеленді. Жетекшісі – Г.Қуандықова.

